

ССРО Мемагроөнеркәсібінің Қазақ ССР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция етіп қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 13 тамыз 1992 ж. N 676. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.04.26. N 476 қаулысымен

Одақтық бағыныстағы карантин қызметінің таратылуына байланысты және басқа мемлекеттерден карантиндік әрі басқадай қауіпті зиянкестердің, өсімдік дерттері мен арамшөптердің енуінен Қазақстан территориясын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. ССРО Мемагроөнеркәсібінің Қазақ ССР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция (Қазмемкарантин) болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасындағы Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен осы Ережені, сондай-ақ өсімдік карантині жөніндегі ережелер мен нұсқауларды, өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет органдарының өздеріне жүктелген және берілген хұқық шегіндегі өкімдері мен нұсқауларын өсімдіктен алынатын өнімдерді өндірумен, сатумен, сақтаумен, ұқсатумен және тасымалдаумен айналысатын барлық министрліктер, ведомстволар, мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар мен жеке адамдар орындауға міндетті.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция заңды ұйым болып табылады, оның дербес балансы болады, Қазақстан Республикасының заңына және өзі туралы Ережеге сәйкес қызмет етеді.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция жүйесіне кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекцияның, орталық

аппаратының қызметкерлеріне "Қазақстан Республикасында жалақыны өсіру және бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25 сәуірдегі N 730 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 мамырдағы N 448 қаулысында (N 2 кесте) көзделген еңбекке ақы төлеу шарттары қолданылсын.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекцияның орталық аппараты қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жылдық қоры аппараттың құрамында 8 адам бар (ғимаратты күзетушілер мен қызмет көрсетушілерсіз) шекті саны ескеріліп 553 мың сом болып белгіленсін.

Ескерту. 5-тармаққа ішінара өзгертулер енгізілді - ҚРМҚ-нің 1993.01.12. N 29 қаулысымен.

6. Республикалық карантин лабораториясын, Республикалық интродукциялық-карантин питомнигін, Республикалық фумигациялық отрядты, Алматы қалалық мемлекеттік және шекара пункттері мен қоршаулы тосқауылдарымен қоса өсімдік карантині жөніндегі облыстық инспекцияларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне операциялық шығындарға бюджеттен бөлінетін қаржы шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.05.05. N 708 Р 970708 _

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Республикалық "Қазагроөнеркәсіптехника" бірлестігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция мен өсімдік карантині жөніндегі облыстық инспекциялардың өтінімдері бойынша оларға көлік құралдарын, лаборатория жабдықтары мен басқа да қажетті материалдық-техникалық ресурстарды жыл сайын бөліп отыруды көздесін.

8. Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық хауіпсіздік комитетімен, сондай-ақ басқа да министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп, өз өкілеттіктерінің шеңберінде өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызметтің шет мемлекеттерден карантиндік және басқа қауіпті зиянкестердің, өсімдік дерттері мен арамшөптердің ілесі енуінен, таралып кетуінен Қазақстан Республикасының территориясын қорғауды күшейту, сондай-ақ олардың ошақтарын анықтап, жайылып кетуіне жол бермеу жөніндегі мемлекеттік шаралар кешенін жүзеге асыруына жәрдемдессін.

9. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекцияның орталық аппараты

қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген материалдық-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету шарттары қ о л д а н ы л с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 13 тамыздағы
N 676 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі
Бас мемлекеттік инспекция жүйесіне кіретін
кәсіпорындар мен ұйымдардың
Тізбесі

Республикалық карантин лабораториясы
Республикалық интродукциялық-карантин питомнигі

Республикалық фумигациялық отряд
Өсімдік карантин жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттер
инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Ақмола облыстық мемлекеттік
инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Ақтөбе облыстық мемлекеттік инспекциясы

Ауданаралық мамандандырылған лабораториясымен қоса өсімдік

карантині жөніндегі Алматы облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Атырау облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Майқапшағай шекара пунктімен қоса өсімдік карантині жөніндегі Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Жамбыл облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Жезқазған облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Қарағанды облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Қызылорда облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Көкшетау облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Қостанай облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Маңғыстау облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Павлодар облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Бақты шекара пунктімен қоса өсімдік карантині жөніндегі Семей облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Қорғас және Достық шекара пункттерімен қоса өсімдік карантині жөніндегі Талдықорған облыстық мемлекеттік инспекциясы

Өсімдік карантині жөніндегі Торғай облыстық мемлекеттік инспекциясы

Ауданаралық мамандандырылған лабораториясымен қоса өсімдік карантині жөніндегі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік инспекциясы
ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.07. N 708
қаулысымен. Р 9 7 0 7 0 8 _

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 13 тамыздағы
N 676 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасындағы өсімдік карантині
жөніндегі мемлекеттік қызмет туралы
Бас мемлекеттік инспекция туралы
Е р е ж е

Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасындағы Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы орталықтандырылған мемлекеттік қызмет болып табылады. Оның құрамына мыналар енеді:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция, Республикалық интродукциялық-карантин питомнигі, Республикалық фумигациялық отряд, Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекциялар;

теңіз және өзен порттарындағы, темір жол станцияларындағы, әуежайлардағы, почтамттар мен тас жолдардағы Өсімдік карантині жөніндегі шекара пункттері.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.05. N 708
қаулысымен. Р 9 7 0 7 0 8 _

2. Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын, карантин шараларын жүзеге асыру бөлігінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің нұсқауларын, басқа арнаулы құжаттар мен осы Ережені

б а с ш ы л ы қ қ а

а л а д ы .

3. Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет органдарына мынадай м і н д е т т е р жү к т е л е д і :

басқа мемлекеттердің территорияларынан карантиндік және қауіпті зиянкестердің, өсімдік дерттері мен арамшөптердің енуінен Қазақстан территориясын қорғау, сондай-ақ оның территориясында карантин шараларын жү з е г е а с ы р у ;

басқа мемлекеттерден өсімдік өнімдері мен басқа да материалдарды әкелу, осы өнімдерді республика ішінде тасымалдаудың карантиндік шарттарын, оны пайдалану режимі мен жағдайын жасау;

басқа мемлекеттерден республикаға әкелінетін және экспортқа жіберілетін өсімдіктен алынатын өнімді және карантиндік зиянкестердің, дерттер мен арамшөптердің тасымалдаушысы болуы мүмкін басқа материалдарды, оның ішінде жүк салғыштардағы, почта салымдарындағы және жолаушылардың қол жүктерінде салынған өсімдіктерге, сондай-ақ басқа мемлекеттерден республикамызға келген көлік құралдарына карантиндік тексеру мен лабораториялық сарап жүргізу;

карантин объектілерінің өнімдерін, басқа мемлекеттерден және карантин деп жарияланған аймақтардан келген көлік құралдарын тазарту, зарарсыздандыру;

тұқымдардың, өсімдіктер мен өсімдіктен алынатын өнімдердің елеусіз зақымдануын карантиндік тексеру, лабораториялық сарап пен диагностика жүргізу тәсілдерін, сондай-ақ жүктерді зарарсыздандыру технологиясын жасау;

республика территориясында жоқ және шектеулі түрде таралған карантиндік және қауіпті зиянкестердің, өсімдік дерттері мен арамшөптер түрінің құрамын, биологиясы мен экологиясын зерттеу және осының негізінде өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік шаралар белгіленіп, жүзеге асырылатын зиянкестердің, өсімдік дерттері мен арамшөптер тізбесінің жобасын жасау;

ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу және орман шаруашылығы мекемелерімен бірлесіп карантиндік зиянкестермен, өсімдік дерттерімен және арамшөптермен күрес жөніндегі тиімді шараларды жасауға қатысу;

министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, сондай-ақ азаматтардың карантин шараларын орындауына мемлекеттік бақылау жүргізу;

басқа мемлекеттерден, сондай-ақ республика территориясын карантин деп жариялаған аймақтардан әкелінетін тұқымдар мен өсімдіктерге карантиндік тексеру жүргізетін интродукциялық-карантиндік питомниктердің, мемлекеттік сұрыптау учаскелерінің, оранжереялардың қызметіне бақылау жасау;

питомниктерде, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, тұқым өсіру және гүл-сәндік шаруашылықтарында карантиндік зиянкестерден, өсімдік дерттерінен және

арамшөптерден тазартылған тұқым және егу материалдарын алу мақсатымен егістіктер мен көшеттерді қадағалау;

Өсімдік карантині жөніндегі халықаралық конвенциялар мен келісімдерден туындайтын шараларды жүзеге асыруға бақылау жасау;

ғылым жетістігі мен озық тәжірибені насихаттау мен кең түрде енгізуді ұйымдастыру, халықты карантин объектілерімен және олармен күресу шараларымен таныстыру;

тұқымдарға, өсімдіктер мен өсімдіктен алынатын өнімдерге импорттық карантин рұқсатын, фитосанитарлық және карантиндік сертификаттар беру;

карантиндік зиянкестерді, өсімдік дерттері мен арамшөптерді дер кезінде анықтау, республика территориясында карантиндік аудандар белгілеу мақсатымен ауыл шаруашылығы және орман алаптарына, өсімдіктен алынатын өнімдерді сақтау және өңдеу орындарына, карантиндегі өнімдер келіп түскен пункттер мен оларға жақын орналасқан территорияларға бақылау зерттеуін жүргізу.

4. Қызмет міндетін орындау кезінде өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік бақылаушыға:

кез-келген уақытта теңіз, өзен порттарының территориясына және кемежайларға, теміржол станциялары мен автовокзалдарға (автостанцияларға), әуежайларға, почтамттарға, қоймаларға, элеваторларға, теңіз және өзен флотының кемелеріне, жолаушылар және тауар вагондарына, азаматтық ұшақтарға, көрмелердің, ботаника бақтарының, ғылыми-зерттеу институттарының территорияларына, тәжірибе станцияларының, колхоздардың, совхоздардың, қосалқы шаруашылықтардың, басқа мекемелер мен ұйымдардың егістіктеріне, азаматтардың аула учаскелеріне, питомниктерге, бақшалар мен жүзім бауларына, оранжереялар мен әртүрлі ұйымдар мен жекелеген адамдардың басқа да шаруашылықтарына сондай-ақ өсімдіктен алынатын өнімдер дайындаумен, өңдеумен және өткізумен айналысатын кәсіпорындарға бөгетсіз кіруге;

тексеруге және одан әрі лабораториялық сараптан өткізу үшін тұқымдардың, өсімдіктердің және өсімдіктен алынатын басқа да өнімдердің үлгілерін алуға, карантиндік және басқа да хауіпті зиянкестер, өсімдік дерттері мен арамшөптер табылған жерлерде белгіленген карантиндік шараларды орындағанша өнімді әкету және пайдалану жөнінде шектеу орнатуға;

карантин енгізілген территориялардан карантин сертификаттарсыз әкетілген тұқымдарды, өсімдіктерді және өсімдіктен алынатын өнімдерді жібермеуге, алуға және қажет болғанда қайтаруға;

кедендердің, теңіз және өзен порттарының (кемежайлардың) темір жол станцияларының, автовокзалдардың (автостанциялардың), әуежайлардың,

почтамттар мен басқа да ұйымдардың әкімшіліктерінен келіп жатқан, сақтаулы және жөнелтіліп жатқан өсімдіктен алынатын жүктер туралы деректер алуға, олардан осы жүктердің тиісті құжаттарын талап етуге және зиянкестермен зақымданған жүктерді тиеуге тиым салуға (карантиндегі материалдарды карантин құжаттарынсыз тасымалдауға қабылдауға мүлде тыйым салынады) х ұ қ ы қ б е р і л е д і .

5. Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекция мен шекара пунктінің қызметкерлері қызмет міндетін орындау кезінде арнаулы киім киюге міндетті. Киім үлгісін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша бекітеді.

Өсімдік карантині жөніндегі
Бас мемлекеттік инспекция

6. Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция (Қазмемкарантин) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы дербес бөлімше болып табылады, ол заңды ұйым хұқына ие, өзінің атауы бар гербті мөрі, бұрыштамалы және арнаулы штампы, ұлттық мемлекеттік банкіде бюджеттік және ағымдағы шоты болады және өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызметтің бүкіл жүйесін қаржыландырады.

Қазмемкарантин өз қызметінде Республика конституциясы және басқа заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің шешімдерін, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және осы Ережені басшылыққа алады.

ЕСКЕРТУ. Бөлімнің атауы және 6-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.05. N 708 қаулысымен. P970708_

7. Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекцияға мынадай м і н д е т т е р жү к т е л е д і :

өсімдік карантині саласындағы мемлекеттік шаралар жүйесін жоспарлау және ұйымдастыру, олардың орындалуына басшылық ету және бақылау жасау;

өсімдік карантині мәселелері бойынша қаулылардың, шешімдер мен өкімдердің жобаларын жасау және оларды үкіметке енгізу;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітетін Қазақстан территориясында сыртқы және ішкі карантин саласындағы қызметті реттейтін ережелердің, қағидалардың және нұсқаулардың жобаларын жасау;

басқа мемлекеттерден әкелінетін тұқымға, өсімдіктер мен өсімдіктен алынатын өнімдерге, сондай-ақ транзит бойынша республика территориясы арқылы өтетін карантиндегі жүктерге импорттық карантин рұқсатын беру;

республикадан, сондай-ақ облыстардан тыс жерлерге экспортқа әкетілетін карантиндегі материалдарға карантин сертификатын беру;

Қазақстанға импорт бойынша әкелінетін және экспортқа шығарылатын, сондай-ақ карантиндік зиянкестерден, өсімдік дерттері мен арамшөптерден таза аудандарға жөнелтілетін тұқымдарды, өсімдіктер мен өсімдіктен алынатын өнімдерді карантиндік тексеруден және лабораториялық сараптан өткізуді қ а м т а м а с ы з е т у ;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі басшылығының нұсқауы бойынша өсімдік карантині мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар мен конвенциялар жобаларын жасауға қатысу және олардың жүзеге асырылуына бақылау жасау;

белгіленген тәртіппен өсімдік карантині жөніндегі жылдық жоспарларды, сметаларды, штаттық кестелерді, есептерді, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын қарап, бекіту;

карантин шараларына бюджеттен бөлінген қаржыны облыстар бойынша бөлу және карантин шараларын өткізу үшін бөлінген бюджеттік, арнаулы және басқа қаржылардың дұрыс жұмсалуды қадағалау;

бағынышты ұйымдарды қаржыландыру және бөлінген лимиттер мен қорлар деңгейінде қаржы және материалдық ресурстарын бөлу, олардың шаруашылық-қаржы қызметіне бақылау жасау;

облыстық инспекциялардың, шекара пункттерінің, карантин лабораторияларының, карантиндегі материалдарды зарарсыздандыру жөніндегі фумигациялық отрядтардың жұмысына басшылық ету және бақылау жасау;

облыстық инспекциялардан, шекара пункттерінен, мекемелерден, кәсіпорындардан, ұйымдар мен жекелеген адамдардан келіп түскен тұқымдардың, көшет материалдарының, топырақ және басқа карантинге алынған өнімдердің үлгілерін лабораториялық сараптан өткізу, карантиндік зиянкестермен, дерттермен және арамшөптермен зақымданғандығы туралы қ о р ы т ы н д ы б е р у ;

өсімдіктен алынатын импорттық және басқа өнімдерді зарарсыздандыруды ұйымдастыру, өткізу және бақылау жасау;

тікелей бағынышты инспекцияларда, лабораторияларда және фумигациялық отрядтарда кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асыру;

өсімдік карантині бойынша кадрлар дайындау және қайта дайындау жөніндегі шаралар өткізуді ұйымдастыру;

белгіленген тәртіппен өсімдік карантині мәселелері бойынша арнаулы жинақтарды, анықтамалар мен басқа материалдарды басып шығаруға әзірлеу;

республикада карантиндік зиянкестерді, өсімдік дерттері мен арамшөптерді анықтауға есеп және талдау жүргізу, олардың таралуына шолуды басып шығару;

белгіленген тәртіппен карантин және өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

республикаға импорт бойынша әкелінетін карантиндегі өнімдерге карантиндік тексеру жүргізу үшін шет елдерге жіберуге мамандар іріктеу және шет ел мекемелерінде жұмыс істейтін қызмет мамандарының қызметіне
б а с ш ы л ы қ ж а с а у .

8. Қазмемкарантинді дара басшылық негізінде әрекет ететін бастық басқарады, ол қызметі бойынша сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы, ал оның орынбасары - Қазақстан Республикасының Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары болып табылады.

9. Қазмемкарантин бастығы:

қолданылып жүрген заңдар мен осы Ережеге негізделген өсімдік карантині мәселелері бойынша министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін міндетті жазбаша бұйрықтар, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдар мен шаруашылықтардың басшыларына, олардың қай ведомствоға жататынына қарамастан, өсімдік карантині жөніндегі қолданылып жүрген заңды бұзушылықты жоюға қажетті нұсқаулар беруге;

бұйрықтар шығаруға және қарамағындағы ұйымдарға нұсқаулар беруге;

өз құзыры шеңберінде ұйымдық-жарлық беретін құжаттарды бекітуге;

оның қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпарат алуға;

құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісім бойынша жекелеген тапсырмалар мен міндеттерді орындау үшін мамандар қатыстыруға;

белгіленген тәртіппен Қазмемкарантиннің құзырына жататын мәселелер бойынша кеңестер шақыруға және өткізуге хұқылы.

Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекциялар

10. Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекцияларын лауазымы бойынша Өсімдік карантин жөніндегі Алматы қалалық және облыстық бас мемлекеттік инспекторлары болып табылатын бастықтар басқарады.

Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекциялар заңды тұлға құқығына ие, өзінің атауы жазылған елтаңбалы мөрі, бұрыштама және арнаулы мөртаңбалары бар, тікелей Қазмемкарантинге бағынады.

Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекцияларына мынадай міндеттер жүктеледі:

теңіз және өзен порттарында, әуежайларда, темір жол станцияларында, почтамттарда өсімдік карантині жөніндегі шекара пункттерінің жұмысына

басшылық ету және бақылау жасау;

сауда-дайындау ұйымдары мен қайта өңдеу кәсіпорындарының (көкөніс базалары, диірмен комбинаттары, құрамажем, сыра қайнату, былғары және консерві заводтары, тоқыма, кондитер және мебель фабрикалары, тамақ комбинаттары мен басқалары), темір жол станцияларының, теңіз және өзен порттарының, әуежайлардың, совхоздардың, колхоздардың, фермер шаруашылықтарының, ғылыми-зерттеу мекемелері мен басқа да ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің, олардың қай ведомствоға жататынына қарамастан, сондай-ақ азаматтардың белгіленген карантин ережелері мен шараларын орындауына бақылау жасау;

питомниктерде, оранжереяларда, ботаника бақтарында, селекция және тәжірибе станцияларында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, мемлекеттік сортты сынау станциялары мен мемлекеттік сорттау учаскелерінде, колхоздарда, совхоздарда, фермер және басқа шаруашылықтарында, ұйымдарда карантин жайына және карантиндік сауықтыру шараларын өткізуге бақылау жасау, сондай-ақ импорттық тұқымдар мен көшет материалдарды егілген егістіктер мен отырғызылған жерлерде бақылау зерттеуін жүргізу;

карантиндік зиянкестермен, өсімдік дерттерімен және арамшөптермен күрес жөніндегі өткізілген шаралардың тиімділігін тексеру;

белгіленген тәртіппен шаруашылықтарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға, елді мекендерге немесе аудандарға карантин қою немесе оны алу туралы, сондай-ақ карантин ережесін бұзуға жол берген адамдарға жаза қолдану туралы ұсыныстар мен материалдар ұсыну;

шаруашылықтарға, мекемелер мен ұйымдарға экспортқа жөнелтілетін өнімге сертификаттар, сондай-ақ өсімдіктен алынатын өнімдерді тасымалдауға және пайдалануға хұқық беретін карантин құжаттарын беру, оларды тасымалдауға және белгіленген жерлерде пайдалануға бақылау жасау;

импорттық және отандық карантиндегі өнімдерді зарарсыздандыруды ұйымдастыру және оны жүргізу сапасына бақылау жасау;

базарлар мен жәрмеңкелерде базар дирекциясы мен басқа ұйымдардың, ведомстволар мен жекелеген адамдардың зиянкестердің, өсімдік дерттері мен арамшөптердің тұқымдары таралуының алдын алуды қамтамасыз ететін тиісті нұсқаулармен көзделген карантин ережелерін, шараларын орындауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

энтмология объектілеріне және өсімдіктен алынатын импорттық және экспорттық өнімдер үлгілерінің арамшөп өсімдіктеріне, сондай-ақ тұқымдарға, көшет материалдары мен басқа карантиндегі материалдарға, почта посылкаларындағы, бандерольдарындағы өсімдіктен алынатын өнім салымдарына және жолаушылар мен экипаж мүшелерінің жүгімен карантин деп

жарияланған аймақтардан әкетіліп бара жатқан өсімдіктерге карантиндік тексеру ж а с а у ;

карантиндегі өнімдерді тасушы көлік құралдарына карантиндік тексеру жасау және оларды зарарсыздандыру жөніндегі белгіленген шараларды орындау;

республикаға басқа мемлекеттерден, сондай-ақ карантин деп жарияланған аймақтардан әкелінген тұқымдар мен өсімдіктердің карантиндік жайына тексеру жүргізетін карантин питомниктерінің, оранжереялар мен мемлекеттік сорттау учаскелерінің қызметіне бақылау жасау;

питомниктерде, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, тұқым өсіретін, гүл-сәндік және басқа шаруашылықтарда карантиндік зиянкестерден, өсімдік дерттері мен арамшөптерден тазартылған тұқымдық және көшеттік материал алу мақсатымен егістіктер мен көшеттерге карантиндік қадағалау жасау осы материалды карантиндік объектілерден тиімді зарарсыздандыруға, сондай-ақ тұқымдарды карантиндік арамшөптерден тазартуға бақылау жасауды жүзеге асыру;

байланыс, көлік, сауда, дайындау мекемелері мен қайта өңдеу кәсіпорындары және басқа мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар басшыларының, сондай-ақ жекелеген адамдардың назарына карантиндік шектеулер енгізілгені және карантин объектілерін жайылдырмау және жою жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру туралы жеткізу;

өсімдік карантині жөніндегі қоғамдық өкілдердің жұмысына басшылық ету ж ә н е б а қ ы л а у ж а с а у ;

карантиндегі аймақтардан келіп түскен өнімдерге тексеру жүргізу; карантиндік зиянкестерді, өсімдік дерттері мен арамшөптерді дер кезінде анықтау мақсатымен карантиндегі өнімдер келіп түскен пункттерге, сақтау және өңдеу орындары мен оған жақын орналасқан территорияларға жүйелі бақылау тексеруін ұйымдастырып, өткізу және карантин объектілері табылған жағдайда олардың ошағын жою жөніндегі шаралардың орындалуына бақылау жасау;

кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен шаруашылықтардың еңбеккерлері, сондай-ақ халық арасында өсімдік карантині жөніндегі білімді насихаттау;

инспекция жұмысы туралы жоспар, сондай-ақ есеп жасау;

Қазмемкарантин бекіткен жоспар мен сметаға сәйкес өсімдік карантині жөніндегі шаралар өткізуге бөлінген бюджеттік қаржыны пайдалану;

өсімдік карантині мәселелері бойынша қаулылардың, шешімдер мен өкімдердің жобаларын жасау және оларды тиісті облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне бекітуге енгізу;

қызмет көрсететін аймақтағы карантиндік зиянкестердің, өсімдік дерттері мен арамшөптердің шекарасын анықтау, картотекасын және таралу картасын жасау;

карантиндік зиянкестермен, өсімдік дерттері мен арамшөптермен күрес мәселелері жөніндегі ережелердің, қағидалардың, нұсқаулар мен басқа

құжаттардың жобалары бойынша ұсыныс әзірлеу.

ЕСКЕРТУ. Бөлімнің атауы және 10-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің
1997.05.05. N 708 қаулысымен.

11. Өсімдік карантині жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекция бастығына:

өсімдік карантині жөніндегі қызмет жүйесінде бағынышты ұйымдар мен
лауазымды адамдардың заңсыз және қате өкімдерінің күшін жоюға;
белгіленген тәртіппен қарамағындағы мемлекеттік инспекция қызметкерлерін
көтермелеуге ұсынуға және тәртіптік жаза қолдануға;

белгіленген тәртіппен карантин ережелерін дер кезінде орындауға шара
қолданбаған немесе оны бұзуға жол берген адамдарға әкімшілік жаза қолдану
туралы ұсыныс енгізуге, ал ауыр зардаптарға әкеліп соққан жағдайда кінәлілерді
қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін прокуратура органдарына материалдар
жіберуге х ұ қ ы қ беріледі.

Теңіз немесе өзен портындағы (кемежайлардағы),
темір жол станцияларындағы, әуежайдағы,
почтамттағы және тас жолдағы өсімдік
карантині жөніндегі шекара пункті

12. Теңіз немесе өзен портындағы (кемежайдағы), темір жол станциясындағы,
әуежайдағы, почтамптағы және тас жолдағы өсімдік карантині жөніндегі шекара
пункті тікелей өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және
тиісті облыстық мемлекеттік инспекцияларға бағынады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.05.05. N 708
қаулысымен.

13. Өсімдік карантині жөніндегі шекара пунктінің міндетіне:
өсімдіктен алынатын импорттық және экспорттық өнімдердің үлгілеріне
карантиндік тексеруді және сараптан өткізуді, шетелден келген көлік құралдарын
, сондай-ақ республика территориясы арқылы транзитпен өтетін өсімдік
өнімдерін тексеруді жүзеге асыру;

жүк иелеріне өсімдіктен алынатын өнімдерді зиянкестерден немесе
арамшөптердің тұқымдарынан зарарсыздандыру қажеттігі туралы жазбаша
б ұ й р ы қ б е р у ;

пункт қызметінің территориясында карантиндік зиянкестерді, өсімдік
дерттері мен арамшөптерді анықтау мақсатымен жер танаптарын, егістіктерді,
көшеттер мен қойма бөлмелерін тексеру, сондай-ақ анықталған зақымдану
ошақтарын жайылдырмау жөніндегі шараларды ұйымдастырып, бақылау
ж а с а у д ы жүзеге асыру ;

өсімдіктен алынатын импорттық және отандық өнімдерге, осы өнімді

сақтаған қоймаға және басқа сақтау орындарына жасалған
зарарсыздандырудың тиімділігіне бақылау жасау;

өсімдіктен алынатын өнімдерді тасымалдау хұқына фитосанитарлық
(карантиндік) сертификаттар беру;

пункт қызметінің аймағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен
ұйымдардың өсімдік карантині жөніндегі белгіленген шараларды орындауына
бақылау жасау;

белгіленген тәртіппен өсімдік карантині жөніндегі ережені бұзуға
жол берген адамдарға айып салу және басқа жаза қолдану туралы ұсыныс
енгізу жатады.

Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет
және карантин шараларын қаржыландыру туралы

14. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет
республикалық бюджет қаражаты, сондай-ақ карантиннен тыс өсімдіктерді
республикаға әкелгені және одан шығарғаны үшін, оларды кейіннен
өндірістік мақсаттарға пайдалана отырып залалсыздырғаны үшін заңды
және жеке тұлғалардан алынатын арнаулы қаражат есебінен
қаржыландырылады.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.07.10.

N 1093 қаулысымен.

P971093_

Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет
қызметкерлерін тағайындау және босату

15. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция бастығын
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі тағайындайды және
б о с а т а д ы .

16. Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызметтің барлық
категориялардағы басшыларын, мамандары мен қызметкерлерін Қазақстан

Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекцияның бастығы тағайындайды және б о с а т а д ы .

17. Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызметтің барлық категориялардағы басшылары мен мамандарының қызметіне өсімдік қорғауға маманданған агрономдық білімі бар адамдар тағайындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК